

84(5Қаз)-5

Д.22

Әлия  
Дәулетбаева

Сол  
бір  
сәуле



ЭЛИЯ  
ДӘУЛЕТБАЕВА



Сол бір сәуле

*Поэма және өлеңдер*



Ф. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ  
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

420196 а5

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ  
Астана - 2013

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 каз)-5  
Д 22



«Алтын Қыран» халықаралық қайырымдылық қорының (Президенті Исламбек Тәлеубайұлы Салжанов) демеушілігімен жарыққа шықты

Д 22 **ДӘУЛЕТБАЕВА Ә.**  
**Сол бір сәуле: поэма және өлеңдер /**  
Әлия Дәулетбаева. – Астана: Фолиант,  
2013. – 104 б.

ISBN 978-601-302-049-5

Ақын, «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты, республикалық мүшәйралардың жеңімпазы Әлия Дәулетбаеваның бұл жинағына бір топ өлеңдері мен «Ай астында бір көл бар...» атты поэмасы енгізілді.

Жинақ көпшілік жыр сүйер оқырманға арналған.

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 каз)-5

ISBN 978-601-302-049-5

© Дәулетбаева Ә., 2013  
© «Фолиант» бастпасы, 2013

## АЛҒЫ СӨЗ

Әлияны мен оқушы кезінен танимын. Алғаш М. Мөңкеұлының 150 жылдық мерейтойында көріп, келешегінен үміт күткен едім. Ол жақсы ақын болып қалыптасты.

Өлеңдері тегеурінді ырғағымен, терең мазмұнымен, отансүйгіштік рухымен ерекшеленеді. Құнарлы тіл, өзіндік көркем оймен тарихи тақырыптарға қалам тербеп жүр. Өзі айтқандай, «Алматыдан алыстау, Астанадан жырақта» жүріп жазған жырлары бірнеше ұжымдық жинақтарға, үлкен газет-журналдарға басылып жүр.

Әлияның жыр жинағы көпшілік сүйіп оқыр кітаптардың біріне айналарына сенемін.

**Ф. ОҢҒАРСЫНОВА,**  
*Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлықтың  
лауреаты*



## АБАЙДЫҢ ТІЛІ

Абайдың тілі, анамның тілі,  
Не деген ғажап үндестік.  
Жауратып жанды ғаламның мұңы,  
Ақын боп сонсоң күн кештік.

Неңдей қайғыны басыма тілеп,  
Жоғалттым нені, білемедім.  
Балбал тастардың басына түнеп  
Өтті ғой бөрі күндерім.

Өгей орманның ығында өскенмін,  
Айта алман оны арланбай.  
Ана бір жылдар ғұмыр кешкенмін  
Анадан жетім қалғандай

Ол күннің дерті ұмытылмайды  
Уы мен балы аралас.  
Бір ұртым қанды, бір ұртым майлы,  
Рухым тұттай жалаңаш.

Анамның тілі, аңырап келіп,  
Алдыңа бүгін жығылдым.  
Шаттығы кетті шаңырақ керіп  
Адасқан албырт ұлыңның.



Көк байрақ тіктім, көкке телміріп,  
Түп-тегім түркі болғасын.  
Күшті көңілден кетті сең жүріп,  
Пайғамбар Абай, қолдашы!



\*\*\*

Бұлдыр елес қалған жоқ  
баяғы бір бәз күннен,  
Сүлей сөздің киесі  
салды қанша сынаққа.  
Арманменен алғаусыз  
албырт өлең жаздым мен  
Алматыдан алыста,  
Астанадан жырақтау...

Шіркін, халді ұқсаңыз,  
шулы шаһар шайыры,  
Көктем сайын көңілден  
көк кептерді ұшырдық.  
Бізге-дағы сізге ортақ  
бү дүниенің гайыбы  
Тіріде опа бермесін  
тумай жатып түсіндік.

Зарығу һәм сағыну –  
пешенеңе жазғаны,  
Жұмыр басты пендеде  
жүйкесі әлсіз біз ғана.  
Естен кетпес есіл мұң  
ескі әуенді қозғады,  
Жұдырықтай жүректе  
ескі жара сыздаған.



Қоңыр күзі Жайықтың  
тырна-тізбек созғанда  
Құба талға сүйеніп,  
құлазыған кезім көп.  
Аяулымнан адасып,  
аспан жақта көз жазғам,  
Содан бері есті алып,  
еліктірген сезім жоқ.

Басқаша сыр шертеді  
бұрынғы әннен бүгінгі ән,  
Бәрі-бәрі өтеді жүрекке  
жүк артып құр.  
Сізді қайдам, ал менің  
жаңа жазған жырымнан  
Күннің, гүлдің... содан соң  
жусан иісі аңқып тұр.

Баяны кем жалғанда  
көп күрсініп, аз күлгем,  
Бастан өткен бір дәурен  
сүю және ұнатпау.  
Тақырыпсыз тағы бір тағдырлы өлең  
жаздым мен  
Алматыдан алыста,  
Астанадан жырақтау...  
Шіркін, халді ұқсаңыз...





## АТЫРАУДЫҢ АСПАНЫ...

Атыраудың аспаны түр түнеріп,  
(Шырайлы еді,  
бұзылған шырқы неғып?)  
Өлең деген еменнің бүртігі едік,  
Алдансақ ақ жауын боп жылағанбыз,  
Долдансақ жалт ойнатып күркіредік.  
Ақыл менен албырттық аңдысқанда,  
Соңғысының намысын жыртып едік.

Атыраудың аспаны түр түнеріп,  
Берсе, шіркін, тағдырым бір күн ерік.  
Тезге көнбес перзенті ем туған жердің,  
Кеткім кеп жүр қаңғыбас бұлтына еріп.

Атыраудың аспаны түр түнеріп,  
Бара жатыр, беу, қайда жұрт үдеріп?  
Көндіге алмай қойдық-ау қалаңа осы,  
Сағым көшкен даланың сылқымы едік.



Атыраудың аспаны түр түнеріп,  
Көпті көрген көңілдің құлшы берік.  
Қара өлеңнің киесі қолдай гөр деп  
Күн тіледік, құдайдан түн тіледік.  
Шын тіледік!



\*\*\*

Тереңнен созған тамырын,  
ғасырдан тартқан желісін,  
Тарихтан асқан қастерлі ақиқат  
жоқ-ау мен үшін.  
Бабалар жортқан боз дала –  
аяулы алтын құндағым,  
Армандай болған азаттық –  
алғашқы ұлы жеңісім.

Едіге-жырдың найзасын егесте  
қанша сынадық,  
Айқаста күшсақ ат жалын  
намыстан ғана жыладық.  
Көкбөрі текті түркінің көзіндей  
өткір билікті  
Көкенай менен Майқыдан  
алып қалғанбыз мұра қып.

Даланың дана заңында  
қаны бар қайсар қазақтың,  
Талқан қып теуіп шыққанбыз  
темір есігін тозақтың.  
Тұлпардың тұяқ дүбірін тыңдашы,  
дархан дүние,  
Сұңқардай зият ғұмырым,  
Азатпын бүгін, Азатпын!



Ақынға құлақ асыңыз,  
ақтарып жатпай мұрағат,  
Айбынды Ата Заңымда  
билерден қалған ұлағат.  
Қасиеті мен киесін  
бір ауыз сөзге сыйғызған,  
Қазақ боп туған сәтімде-ақ  
қонған ғой маған, сірә, бақ.

Айбынды Ата Заңымда  
абырой күшім, ар құсым,  
Ұстыны болып тұр оның  
ұлтымның ұлы болмысы.  
Алтын жіп өрген арқауын  
бекзада біздің халықтың,  
Бергісі менен арғысы,  
Тәукенің Жеті Жарғысы...

Тамұқта түскен тыртықты,  
тағдырым, бүгін ұмыттыр,  
Жаураған жүрек болса егер,  
жылы сөзіңмен жылыт бір.  
Өзегі күйген ерлердің  
өкінішінің өтеуі,  
Өзімнің атажуртымда  
Өз Заңым билік құрып тұр.



## ТАҒЫ ДА ҚАРОЙДА

Көктемде келдік басыңа,  
  келдік күзде де,  
Тыныстап жатыр жан көкем  
  теңдік іздеген.  
Сергелдең болған халінді  
  түсінеміз деп  
Жүріп келеміз біз бүгін  
  сендік ізбенен.

Жалған дүниеде кім ұққан  
  жан қалауыңды,  
Таңғалып сізге өткіздік қаймана күнді.  
Мәрттігім оған жетпейді,  
  қалар ем, баба,  
Шырақшың болып маздатып  
  мәңгі алауыңды.

Қыста көр, мейлі, жазда көр,  
  ажары қату,  
Баяғы Қарой бүк түсіп  
  бозарып жатыр.  
Сән-салтанаты келіскен  
  күмбез астында  
Қазақтың көрген қисапсыз  
  азабы жатыр.



Сезінбесіне қоймайтын,  
ұғынбасына,  
Жетерлік азық алсын деп  
гұмыр жасына.  
Қайсарлығыңнан қылаудай  
дарыр ма екен деп  
Ұлымды ертіп кеп тұрмын  
бүгін басыңа.



## АУЫЛҒА МАХАББАТ

Ауылдан шықпай жүрсің деп  
налыды құрбым,  
Мен болсам мұнның торғынын  
жамылып жүрмін.  
Қаладан тапқан бақытын  
қымбаттыларым,  
Сағынып жүрмін, бәріңді  
сағынып жүрмін.

Ауылдан бірақ кете алман,  
берік байландым,  
Осында жүрек-жанымды  
беріп қойғанмын.  
Көз салдым мәңгі көлкіген  
көкжиек-қырға,  
Көк шымылдығын кердім де  
көрікті ойлардың.

Ешкімнің маған үгіті жүрмейді екен,  
Ауылдан артық жұмақты  
білмейді екем.  
Боз жусан иісін жырыма  
тамызық қылып,  
Аңсай алмастан өтермін  
күнгейді бөтен.



Жалаңаяғын қақтаған  
құмның табына,  
Бал күнін аңсап сыр қылған  
күллі ұрпағына.  
Еріксіз жүрген қалада көкелерім-ай,  
Ерліктеріңе таңғалып жүрмін табына.  
(Күн болар ма екен мінетін  
жырдың тағына?..)

Қолымды созып көгіне  
қиялдай жырдың,  
Перзенттік махаббатымды тыя алмай  
бір күн.  
Ақжарма таңын ауылдың,  
барқыттай түнін  
Бауырыма басып, бір сәт те  
қия алмай жүрмін.

Бейғам тірліктің өзгеше  
базары мұнда,  
У-шуды жаным сүймесе  
жазалымын ба?  
Тілменен айтып жеткізбес тылсымы,  
сірә,  
Табиғат берген түп-тұнық  
тазалығында.





Тұрмаса да ылғи тәтті жыр  
таңдайымда еріп,  
Бөтен арманға ғұмырды  
арнайын неғып,  
Құрбымның назын есіме ап  
курсіндім жеңіл,  
Күн иісі сіңген ұлымның  
маңдайын өбіп...

## ФАМИЛИЯСЫ ЖОҚ АДАМНЫҢ МОНОЛОГЫ

Мен жайлы жазамын деймісің?..

Ең улы үрейдің уысы,  
Ең көзсіз құмарлық құшағы.  
Ғаламның ең жанды қуысы,  
Адамның ең қанды пышағы.

Оқ пенен темекі түтіні  
Ыстаған сап-сары сағыныш.  
Албасты түндердің үкімі,  
Аспанда, жерде де жарылыс.

Жарыңның шашының жұпары,  
Жейдеңнің тер сіңген иісі.  
Өксігіп бәрін де жұтады,  
Өлімнің ыстықтау сүйісі.

Оңай ма бұл жайлы толғану,  
Секундтар бәрін де күйреткен.  
Тірінің инстинкті – қорғану,  
Табиғат-анамыз үйреткен.



Ал Парыз... Парыз ше кәдімгі,  
Майданда қымбаттап кетеді.  
Сұм дұшпан сындырар сағынды,  
Арыңның түрілсе етегі.

Сол Парыз – парыздың ұлысы,  
Өзгесі әншейін далбаса.  
Күн кешіп жүрсің сен кім үшін,  
Өмірлік мақсатың болмаса?!

Әрбір кеш ақырғы кешіндей,  
Майданда тағдырлар талайсыз.  
Сол сәтті басыңнан кешірмей  
Жазғалы отырсыз қалай Сіз?

Ажалға ажал боп атылып,  
Бұрқанып өтті, рас, бүкіл күн.  
Мінезім – қиындау тақырып,  
Даңқсыз даңқыңа түкірдім.

Шындықтың көбесін сөккендей,  
Аңызға айналған ғұмырым.  
Сондықтан фамилия жоқ менде,  
Сондықтан Момыштың ұлымын.

Мен солай сөйлеймін ғарыштан,  
Көк жүзін көк жасын тілгенде.  
Өртеніп кеткенмін намыстан,  
Өңшең ит іргемнен үргенде.



Тентектің жанын кім түсінген,  
Қуыршақ қоғамның құлы көп.  
«Овтар» мен «евтердің» ішінде  
Мен солай қалғанмын «Ұлы» боп.

Сыры осы Момыштың ұлының,  
(Талантсыз пақырға тақпақ көп)  
Қанменен жазылған ғұмырым,  
Қайтесің сиямен шатпақтап...

Мен жайлы жазамын дейсің-ау...



## ШЫҒЫС ШОЛПАНЫ

Жайықтың ерке самалы сынды,  
Жібектің мұңлы жанары сынды  
Жырыммен сені аймалай келдім,  
Армысың, Алтай дара мүсінді!

Ар жақтан көшкен,  
бер жақтан көшкен,  
Қара шекпен мен кержақтар көшкен.  
Дегдар даланың, дертті таулардың  
Күйікті сырын көп жаттап өскем.

Сұраусыз төрге сұлағандардан  
Кеудеде қанша жылаған арман.  
Кездер де өтті Ертістің ұлы  
Ертіске атын суара алмаған.

Өскемен, соның өткердің бәрін,  
Келешек ұқса өткеннің мәнін.  
Өмірдің заңы – қаһарлы қыстың  
Соңында нұрлы көктемнің бары.

Оралхан ойдың азабы қарып,  
Ғарыштың кеткен ғажабы дарып.



Мәрт ақындарың жазады өлең  
Марқакөліңе қаламын малып.

Қаптаған жота, қыраттарыңнан  
Қазына толы сыр ақтарылған.  
Шығысым менің, шырайлым едің,  
Көркіңе сенің жұмақ та құрбан.

Бұл жақта жел де таңға асығады,  
Жалына бұлттың жармасып алып.  
Телегей-теңіз сезімге мынау  
Бұқтырма бөгет болмасы анық.

Сізде де Нарын, бізде де Нарын,  
Ғасырлар көші үзбеген әнін.  
Үлбі мен Шүлбі – егіз бұрымды  
Арманшыл ару іздеген жарын.

Есті арбап өтіп зымыстан жалған,  
Ұлы далада ұлы іс басталған.  
Батыстан біздер тамсанып қарар  
Шолпаным сенсің шығыстан жанған.



## ТЛЕК

Есімнен қалған ескі жол қайда,  
Есінде бар ма елесі?  
Қасымдар салған қасқа жолды ойла,  
Бабаңның шыққан белесі.

Киесі сөздің тұралатқанда  
Қылыштың жүзі тайқыған.  
Бұл билік бізге мұра боп қалған  
Көкенай менен Майқыдан.

Жердің де дауы, жесірдің дауы  
Билердің басын қатырған.  
Дал қылған жұртты шешімнің бәрі,  
Даланың сотын шақырған.

Суайттан қанша жеріді халық,  
Садаға қылып мал-жанын.  
Көкелер біздің көңілі налып,  
Көкке айтқан арзу арманын.

Сығалап келіп, сыналап еніп,  
Ұятын ұлттың ұрлаған.  
Тәңірден шындық сұраған едік,  
Кім қалды билік құрмаған?



Сен сөйтіп жеткен Азаттық едің,  
Айнала көрме арманға.  
Ғасырлар күткен ғажап тілегім,  
Тәтті үміт тосқан таңдарда.

Тексізге талай таланған едім,  
Жалын боп қайта маздадым.  
Пейілі дархан даламда менің  
Әділет құрды Өз Заңым.

Бас сұғып қайтем мұрағатыңа,  
Бәрі де көздің алдында.  
Бабамның берген ұлағатына  
Лайық бола алдым ба?!

Жігітке санап жауға да салған  
Он бестегі ұлын бұл қазақ,  
Жылдарға солай жалғасады арман,  
Жақсылық күтіп бір ғажап.

Шүкіршіл ел бар ғұрпына берік,  
Қуқына аңғал бірақ та.  
Тұрандай текті жұртыма менің  
Құрандай құнды тұрақта!





## ҚАРНАҚҚА ҚАСИДА

Арманшыл кеуде таңда аппақ,  
Ата күлдігін ардақтап,  
Қарт шайырлардың ізімен  
Қасида жаздық Қарнаққа.  
Опасыз күндер өтті, рас,  
Озбырдың күйін сарнатқан.  
Күйреуік өскен даланың  
Сүйредік даңқын аулаққа.  
Талайсыз менің тағдырым  
Айнала жаздап қаңбаққа.  
Көкемнің көне сүрлеуі,  
Күре жол кетті жан-жаққа.

Үшқан бір құстай елесі,  
Уақытқа қалай сенесің?  
Беу, менің құтты Қарнағым,  
Орнында бүгін төбешік.  
Бектері атқа қонғанда,  
Билері құрған кеңесін.  
Бұлдыр да бұлдыр, бұлдыр күн,  
Бұ да бір өткен белесім.  
Жұртыңнан тауып тәу еттім  
Бабамның сырлы жебесін.  
Көк сүңгі сенде соғылған  
Кәуірдің сөккен көбесін.



Баялыш басқан боз дала,  
Баяғы шерді қозғама.  
Тамырсыз ұлда тұрлау жоқ  
Тарихын тасқа жазбаған.  
Ішкі де сыртқы дұшпанның  
Ішкенттен даңқы озбаған.  
Қорғасын құйған пештерде  
Қызыл шоқ жатыр қоздаған...

Бұл жүрек неден шерлі еді...  
Сыр қылып шертті жел нені?  
Сезсең-ау, сайын сахарам,  
Сергелдең халді мендегі.  
Үрімнің менен Бағдаттың  
Қарнаққа бірі тең бе еді?  
Термиздік шебер тудырған  
Тайқазан нені көрмеді...  
Ғарышқа сіңген жылдардың  
Ғажабы әлі өлмеді.  
Қаратау асқан қазақтың  
Рухы неге шөлдеді?..

Қарнаққа жаздым Қасида...



## АҢСАР

Мен сенен кеткенмін...

Батысқа жөңкіген боз бауыр  
бұлттарға ілесіп,  
Жел қаққан жүзімнен жалғанның  
жабырқау мұңы есіп.

Көзіме құйып ап көкпеңбек  
аспанның келбетін,  
Кеткенмін кеудемде керемет  
арманды тербетіп.

Күн бізден шығатын шыңдарға  
шаншылтып шапағын,  
Мен соның аттанғам білмек боп  
қай тұстан батарын.

Өзенге айналса Мұзтаудан еріген  
мың моншақ,  
Тусырап жатты тұз Толағай  
тұрпаттыұлды аңсап.

Мен сені сағынғам көшкенде  
белдерден бедерсіз,  
Көз жасым шайқаған  
көлдерден кемерсіз.



Жартысын толтырғам жердегі  
ең алып құрлықтың,  
Тәкаппар таулық ем!.. Мен енді  
қаһарман қырлықпын!

Еділді сүйіп ем!..  
Еріксіз айрылдым еркемнен,  
Опасыз дүние-ай, баурыңнан бал  
қосып дерт емгем.

Жайықты сүйіп ем!..  
Жамалын оның да басты мұң,  
Жел ғана іздеп жүр жағада  
жоғалған жастығын.

Даламды сүйіп ем!..  
Даламмен биікпін деуші едім,  
Асқақтық дегенді аспанның  
шегімен өлшедім.

Едіге найзамды егесте  
сындырып алғамын,  
Үзілген сапарды қауырсын  
қаламмен жалғадым.

Тұрмансыз тұлпарды өзіңнен  
суарғам соңғы рет,  
Қара Ертіс, таңғалма тентек ұл  
жаяулап келді деп.



Киңнен айналдым,  
Көкбөрі рухым өлген жоқ,  
Көңгүз іздеп таппадым, күн батар  
түсты да көргем жоқ.

Қарт Алтай, қайтейін,  
мен саған орала алмаймын,  
Жырымды өзіңе,  
ғұмырды далама арнаймын.

Мағжан боп қарадым,  
жанарда мөлдiреп түмса мұң,  
Алыстап барамын,  
тағы да арбады бір сағым...

Кеш, Алтай!



## БӘЙТЕРЕК-АРМАН

Нәр берген тіршіліктің тамырына,  
Күн нұрынан санама жыр сіңірдім.  
Қол созған сар даланың сағымына,  
Садағасы кетейін сыршыл ұлдың.

Жүрер ме ем жалған сырын  
жете білмей,  
Қазақ боп тумағанда қайтер едім?  
Кешегі өкініштің өтеуіндей  
Бүгінгі бой көтерген Бәйтерегім.

Даланың идім-дағы заңына бас,  
Қиялынан бабамның жанын ұқтым.  
Бәйтерек – аңыздағы алып ағаш,  
Алтын шар – өз ұясы самұрықтың.

Қашаннан қасиетіме кие тұнған,  
Қисапсыз қақпандардан құтылғамын.  
Ажалсыз от көйлегін кие туғам,  
Сондықтан аждаһаға жұтылмадым.

Жер үстін жеке шарлап жүр қиялым,  
Дүбірім дүниеге естілер мың.  
Сауытын талқан қылған сұрқияның,  
Мен деген – сұр жebesі Төстік ердің.



Қарсы алып тұрмын бүгін күнді күле,  
Келешек сақтай берсін сыбағасын.  
Орияттым Ұлы Дала кіндігіне  
Мәңгілік мұратымның мұнарасын.

Тарихтың ыршып түскен жанарынан  
Сұрттім де тамшы жасты, ажарландым.  
Қорыған алтын күнді ана-қыран  
Аспанын айналып жүр Ақ Ордамның.



\* \* \*

Уақыт мені емдемейді,  
Алдамаңдар, достарым.  
Армандарым ергежейлі,  
Ап-аласа аспаным.

Аңсамаймын әлденені,  
Жанарға мұң жиып ап.  
Айна алдында сәнденемін,  
Көлгір көйлек киіп ап..

Толқынның сап тереңіне,  
Шаршатпаймын кемемді.  
Азап шегіп керегі не,  
Ақылдымын мен енді!

Дос көбейді көлендеген,  
Қалай жалғыз боп келгем?  
Бұрынғыдай елендемей,  
Есендесем көктеммен.

Жүрек қайда жанып тұрған,  
Тірі түсіп тамұққа.  
Жындылық қой барып тұрған  
Сыймау дайын қалыпқа.





Қызыл-жасыл көз алдау көп,  
Күйге толы жан-жағым.  
Әттеген-ай, обалдау тек  
Өлең жылап қалғаны...



\*\*\*

Күмбезінен көңілдің  
    мұң құлатқым келмейді,  
Жасық жылға суындай  
    жылжып аққым келмейді.  
Сайтан нәпсі кезексіз  
    ұсынса да несібе,  
Бірді сүйген жүрекпен  
    мыңды ұнатқым келмейді.

Аңдамасқа аңқылдап  
    ақтарылғым келмейді,  
Албырт оймен жады боп  
    жоққа ұрынғым келмейді.  
Ер-тұрманы шындықтың  
    бүтінделмей тұрғанда,  
Аз еңбекті міндет қып  
    атқа мінгім келмейді.

Арамдықтың ауылына  
    ат байлағым келмейді,  
Арайыннан ар қашты,  
    жатты ойлағым келмейді.  
Қызыл тілде сүйек жоқ,  
    көзсіз батыр, кең қолтық  
Шабыт деген тұлпарды  
    қақпайлағым келмейді.



Жылуы жоқ жүректі  
жұлмалағым келмейді,  
Тағдыр тартқан табақтан  
мұң жалағым келмейді.  
Ойжетпеске оғымның  
даритұғын түрі жоқ,  
Озбыр уақыт неге осы  
ұрлағанын бермейді?..



## ЕҢЛІК-ЖЫР

(Ф. Оңғарсыноваға)

Мадақтап сені қайтейін, апа,  
зәру емессің оған түк,  
Келесің самғап қос қанатыңа  
дәуірдің жүгін тең артып.  
Қара басыңды құдайдай көріп,  
жырымды арнадым салмақты,  
Кәсіреті сыздап, мұң шаққан саған  
Мұқағалидан нем артық.

Тоқымдай ғана Манашта туып,  
Алашқа әйгі болғалы,  
Патшалар қанша түсті тағынан,  
адыра қалып арманы.  
Келесің әлі ұлы майданда  
көлгірліктерді кескілеп,  
Біреулер сізді Махамбет дейді,  
дауылдан туған ол-дағы.

Аңқасы кепкен ақ құмдарыңа  
ақ жауын болып құйып өт,  
Аңсап жұміс ғой, Ақ Жайығыңа  
тұрсаңшы, апа, жиі кеп.



Кірпияз қабақ, қату жүзіңнен екiнiң  
бiрi аңдамас  
Өзгеше мейiр қабыл алайық  
тәңiрдiң берген сыйы деп.

Өлеңге арнаған өрен таңдар  
мен өксiктi түнiң бiзге аңыз,  
Ерен үнiңе елтiгенменен жаза алмай  
жүрмiз жыр нағыз,  
Бара алмай жүрмiз құрбандықтарға,  
күйкi тiрлiкке көмiлiп,  
Содан ба, бәлкiм, сусып өтуде  
құбылма күндер – құмдағы iз.

Ақиқат үшiн азапқа түсу –  
адамның ұлы ерлiгi,  
Жаныңа бiр сәт берер ме тыным  
аспан арызы, жер мұңы.  
Өтiнде желдiң қасқып тұрсың нәзiк  
белiңдi талдырып,  
Қол жетпес құзар биiкке бiткен қазақ  
жырының Еңлiгi.



## АСТАНА ТОЙЫНА АРНАУ

Еңселім, ерке Есілдің жағасында,  
Келбетің аспанменен таласуда.  
Алаштың аялаған ардағындай,  
Көркейіп күннен-күнге барасың ба?

Өзіңмен мақтанады қазақ бүгін,  
Ғасырың сыйға тартты ғажапты мың.  
Белгісі ескірмейтін елдігімнің,  
Астана – айбынды орда, азаттығым.

Уақыттың қанатымен ән тараттың,  
Шаттық үн кетті шарлап шартарапты.  
Сен – алып жүрегісің байтақ елдің,  
Сарыарқа төсіндегі салтанаттым.

Астана, түнің қандай көркем еді,  
Қиялдан қайта оралды ертегі елі.  
Есілің – тарқатылған қара бұрым,  
Сансыз от сән тасындай сәукеленің.

Мойындап ұлы өнердің сиқыр күшін,  
Көркіңнен көңіліме күй тұнды шын.  
Халқымның барын берген, нәрін берген  
Сен кенже баласындай сүйкімдісің.



\* \* \*

Ақын болу – құдайдан,  
Адам болу – қолдағы іс.  
Сәттерімде мұңайған  
Аздың өзі алданыш.

Өз-өзіме мен бір жау,  
Құты қашқан қырсығып.  
Дегеніне көндірді-ау  
Итшілеген тіршілік.

Тыр жалаңаш жүрегім,  
Бүлкілдейді тым әлсіз.  
Талайсыздың тілегін  
Түсінбейтін шығарсыз...

Жүрегіме жақын мұң,  
Кім бар оны елеген?  
Сағы сынған ақынның  
Ақыр соңы мен емен.

Түн қойнына үңілдім,  
Күрсінемін құлазып.  
Жөргекте өлген жырымның  
Жаназасын шығарып...



## ҚАРАТАУ ТӘЖІ – КЕНТАУ

*(Кентау қаласының 55 жылдығына)*

Асандай адақтадым аспан астын,  
Таусылмас тарихыңды тасқа бастым.  
Желмаям жеткізбесе жеткізбесін,  
Жарты уыс топырағыңды тастамаспын.

Туған ел, дала бейіл, дара көрік,  
(Кеудемнен киік-өлең барады өріп)  
Басында Алатаудың аппақ торғын,  
Кигені Қаратаудың қара бөрік.

Қаратау, қайдан сені есіме алдым,  
Жауһарың жаттың-дағы есін алды.  
Боз таңда бозторғайың шырқаған ән  
Санама сағыныш боп көшіп алды.

Қастерлім, қазынасын күндақтаған,  
Жотаңды жұлдыз сүйіп, күн қақтаған.  
Мүлгіген мынау беткей, анау шатқал  
Тылысымын тірі жанға тыңдатпаған.

Қашаннан қасиетіңе кие қонған,  
Қиялмен құшағыңа жиі оралғам.





Кеудеңе басын сүйеп Кентау жатыр,  
Кенже ұлдай шаңыраққа ие болған.

Даурыққан бастан өтіп даңғаза күн,  
Ғасырың сыйға тартты бар ғажабын.  
Қарттықтың қадірі бар Қаратауда,  
Кентауда келбеті бар ханзаданың.

Естен кетпес жолындай ескі өлеңнің,  
Естіден қалған сөзді ескерер кім?  
Кентауда көнермейтін ізі жатыр  
Басынан Қаратаудың көшкен елдің.

Ешқашан ескірмейтін ертегім бе ең?  
Нарқынды науша ұлдарың ерте білген.  
Керемет тәж кигіздім, Кентау, саған  
Жауһар мұң, гауһар жырмен  
көмкерілген.



\*\*\*

Тақымға салып қыл бұрау,  
Шыңғыртып өмір тұр мынау.  
Шындықты жырлай алмасаң,  
Шаршама босқа, құрбым-ау.

Әркімнің мақтап көкесін,  
Мақсатқа қашан жетесің?  
Құлағыменен ін қазған  
Қарсаққа ұқсап кетесің.

Мойындар бәрін шағың бұл,  
Сынбайды екен сағың бір.  
Поэзияда... түлкілер,  
Түсінбей қалдым, неғып жүр?..

Аярды сендей білмеп ем,  
Аспаның қалай кірлеген.  
Шалшытып әркім өтетін  
Шалшық су емес жыр деген.

Беймәлім маған мекенің,  
Қатпадым бірақ бекер үн.  
Махаңды алма ауызға,  
Маралтай сенің не теңің?!



Төбеңнен түспей жыр-жасын,  
Белгілі мойын бүрмасың.  
Кебиеті күшті қара өлең,  
Киесі мықтап ұрмасын.

Сыздатып ойлар қорғасын,  
Мазанды білдім алмасын.  
Базарда сына бағыңды,  
Өлеңде дәмең болмасын!



## СЕНІҢ ДЕРТІҢ...

(М. Сатыбалдиевке)

Не айтайын, аға,  
жүреkte түйген мол сырым,  
Теңіз-сезімді  
тілмен төге алмай жаншыдым.  
Кейбір сәттерде  
ұқтырары көп, түсінсек,  
Жанардан тамған жалғыз-ақ  
түйір тамшының.

Асқақтау басып,  
өмірден өттің алшаңдай,  
Адамдық атты биік тағанда  
нық тұрып.  
Алдамшы күннің  
арзан балына тамсанбай,  
Дарындылықпен улану  
неткен мықтылық!

Дертінді ұқтым,  
дауасы түсер қымбатқа,  
Жырменен жазған дәрменсіз,  
аға, жауабым.



Ғұмырың сенің келер ұрпаққа  
жұмбақ па,  
Кім көтереді обалы менен сауабын?

Сан әуен самғап, жазылар, бәлкім,  
мың дастан,  
Қалмаса болды санада  
сәуле сарқылып.  
Мәңгілік дерттің дәруін  
іздеп тынбастан,  
Қызғышың жүр ғой жаһанды кезіп,  
шарқ ұрып.

Бұл дерттің емі –  
ұрпақтың үні жоқтаған,  
Серпілді үнім,  
сары уайымды тастадым.  
Өлең боп туып,  
өлеңсіз таңы атпаған,  
Бізге дерт болды-ау  
ерте үзілген дастаның.

Алдағы күні айналған асыл арманға,  
Мен бір қызыңмын жүрегі жара,  
сазы мұң.  
Онсыз да мына баяны  
кемдеу жалғанда  
Өзіндік дертке шалдықсам,  
Аға, Разымын!



## ҚАРШЫҒА-КҮЙ

Тұнғанда тыныштыққа атырабым,  
Жанымды желпіп өтті жақын ағын.  
Әлдебір күдірет күш алды жаулап  
Момын жұрттың киелі топырағын.

Сол-ақ екен, атқандай жарық таңым,  
Бозторғайдай әуеде қалықтадым.  
Ұқтырды пайғамбар-күй, пері күйші  
Дүниеде шаттық барын, шабыт барын.

Күллі әлем тына қалып елең еткен,  
Көрікті болып кетті неге көктем?!  
Көңілдің көгершінін көкке ұшырған,  
Ағатай, осыншалық керемет пе ең?..

Кей сәтте қу тірліктен түңілдіртіп,  
Қызығына жалғанның үңілдіртіп,  
Сананды жүгіртеді сан бір саққа,  
Күй емес, бармағынан шырын бүркіп.

Өзіңе ел табынып тұрғаны шын,  
Бігірген жанға шабыт, жырға мүсін.  
Бір сөзбен берсем баға нұр тұлғаңа –  
Біздің асқақ ғасырдың Құрманысың!



## ФАРИЗАҒА

Армысың, апа,  
Бармысың, апа, байсалдым,  
Жырыңмен отты оясыздарға  
ой салдың.

Албырт жандардың жалын  
арманын маздатты  
Сіздің қаламнан қастерлі сезім,  
қайсар мұң.

Сәттерде кейбір сәбише өксіп  
көз ілген,  
Өзіңнен ылғи жұбаныш, апа, іздеймін.  
Тосқауыл болмай  
телегей-теңіз сезімге,  
Тентек жүрекке терең сүңгіді  
сіздей кім!

Тідестім сізбен,  
Жанарда жауһар шық тұрды,  
Көлгірсу емес, шыбын жанымдай  
шын сырым.  
Мына жалғанда сіздей кім  
мінсіз ұқтырды,  
Қыз ғұмырлардың тереңдігі мен  
тылсымын!



Бір тілің – Шындық!

Енді бір тілің – Уақыт!

Алайда сыршыл

нәзіктігіңді сағындым.

Жүрген жайым бар

өзімді өзім жұбатып,

Жырыңмен сенің жыртығын

жамап жанымның.





## МЫРЫШ ТАБЫТТЫҢ МОНОЛОГЫ

Тіксініп маған, тірілер,  
қарай көрмендер,  
Шайқалып келем арқалап  
зілмауыр қайғы.  
Тамұқ тірліктің тепкісін  
талай көргендер  
Азапты мендік бұл күнде  
бірге ауығлайды.

Кім үшін?.. Не үшін?..  
Санасын сан сұрақ жеңген,  
Аңыз ғып айтар есімін осы күн әркім.  
Аңызак ауған жерінде қансырап өлген  
Белгісіз ұлдың бақилық бесігі болдым.

О, мен қанша сүрқия  
сұмдықты көрдім,  
Қуандым сосын адам боп тумараныма.  
Құныкер қоғам құрсаған  
шындықты көрдім,  
Құрбаңдығының қарамас тулағанына.



Өксіді қанша арулар өртеніп демі,  
Сезіндім сонда өзімді

зұлым дұшпандай.

Қаншама ана қайғымен

көмкеріп мені,

Ақ шашын жайып құлады

ұлын күшқандай.

Ажалдың иісі аңқыған аза гүлдермен

Көр сапарына аттандық

найқалып талай.

Тірінің қолмен жасаған

азабын көргем...

(Қызығам кейде сендерге,

жай табыттар-ай!)



\* \* \*

Күлкім келеді...  
У мысқыл қанымда ойнады,  
(Опасыз жалған оттының  
бағын байлады).  
Қалай күлмессін,  
қамбасын толтырып алып  
Қажыға сапар шеккенде  
Қарынбайларым?

Ақшаның буы мас қылып,  
шыр айналғанда,  
Арды ойлар бір сәт сендерде  
сыңай қалған ба?  
Басқа дүниенің барлығын былғап  
болған соң,  
Көштіңдер ме енді бұл күнде  
құдайды алдауға?

Сырларың мәлім, кенеттен  
«сопы» болғандар,  
Иманнан басқа нәрсені  
сатып алғандар.  
Арамнан жиған мүлкіне араша іздеп,  
Алланың асыл нұрынан  
қапы қалғандар.



Құрбаны болып қаптаған  
күмәнді ойлардың,  
Жалғандықтардың ішінен  
шыға алмай қалдым.  
Іріп-шіріген қоғамның ішмерездері  
Ізіне басқан татымас  
Құнанбайлардың.



\*\*\*

Жарқ етіп келдім  
дүниеге мынау жасын боп,  
Жырымнан сосын жарық  
жалғанға шашылды от.  
Құныққандар мен  
құныкерлердің қоғамы,  
Мұңымды артып қайтейін  
саған масыл боп.

Шатырым – аспан, жер үсті –  
менің баспанам,  
Бөлектеу дастан  
бастағым келді басқадан.  
Ажалды пенде баса алмас  
асқақ кеудемді,  
Жаратушының әмірі ғана жасқаған.

Сардар далама сыймай өтермін,  
сірә, мен,  
Сөздің киесі – ұятым, арым, күнәм ең.  
Өнердің құны бір тиын  
болған заманда  
Өлермендікпен өргеніп  
жаздым бір өлең.



Зәулім үйлермен өлшеніп  
барлық құндылық,  
Шерменде шындық шегенде  
қалды шыңғырып.  
Ұятсыз түске боянған кезде жер-әлем,  
Ұлтым деп жылап жыр жазу  
неткен жындылық!..

Тіміскің көп қой түбіне  
жеткен тектінің,  
Керанау қоғам,  
сондықтан саған кектімін.  
Есіл ерлердің есесі кеткен дүние,  
Жарылқайтұғын әлі де  
сеің жоқ түрің.



\* \* \*

Әлдеқайдан естіліп аңсаған үн,  
Жұмақ түннің сездірді мың ражабын.  
Күнұзаққа сезілмей шаршағаным,  
Бесік тербеп отырып жыр жазамын.

Жыр жазамын жүректің иманымен,  
Уыз мейір құйылып көкіректен.  
Бір сәулені тәңірім қиғанымен,  
Бір сәулеге жарытпай жетім еткен.

Айдың нұры асылып кірпігіме,  
Қарашықтан аунады тылсым түнім.  
Шық мөддіреп сезімнің бүртігіне,  
Жапырағын жанымның бір сілкідім.

Шер мен шаттық шанағын  
келем шертіп,  
Мына әлемде жан бар ма  
мұңымды ұққан?  
Түмса шабыт тұрғанда өлең дертіп,  
Жүрем ылғи жерік боп сұлулыққа.

Беймаза бір күй кештім бүгін, кеше,  
Ана жанын түсінші, ақын жанын.  
Бір сәбиім бесікте уйдесе,  
Жыр-сәбиге толғатып отырғаным...



\* \* \*

Тас үйлердің тасасынан  
көкжиекті көрмеген,  
Сар даланың сағымына  
су деп елтіп ермеген;  
Нағыз ыстық топырақты  
табанымен сезініп,  
Нағыз гүлді қыр төсінен  
құмарланып термеген  
Қалалыққа қарағанда  
бақыттымын мен деген.

Бозторғайдың шырылымен  
жаңа күнді қарсылап,  
Келем ылғи табиғаттан сезім сұрап,  
ән сұрап.  
Қайтқан құстың қатарына  
сағынышпен телміріп,  
Көңлімнің арнасында жатады  
әр кез сең жүріп.

Көз алдымда қоңыр қырат,  
бозша төбе, көк белдер,  
Сезе алдың ба қауышқанын  
көктем сайын көк пен жер?





Көрдің бе сен қар астынан  
    қылтиғанын қайсар гүл?  
(Қайсар гүлге арнап жазды  
    көп ақындар жайсаң жыр).

Туған дала, таң нұрынан  
    қауыз жарған гүліңмін,  
Аптабыңнан аңқам кеуіп,  
    ақ жаңбырдан тірілдім.  
Ақ самалға аймалатып  
    алабұртқан жүзімді,  
Ақ шағылдан көрдім сонау  
    бала күнгі ізімді.

Дала түні – барлық түннің  
    ішіндегі ғажабы,  
Ай нұрынан төгілгенде  
    ғашықтардың ғазалы.  
Қамқор қолы әлдекімнің  
    қыптап жауып белдерді,  
Күллі дүние бір бейкүна  
    тыныштықта тербелді.

Кетігі көп тіршілікте  
    кеттім қанша сүрініп,  
Ұлы Далам, сақтап қалған  
    өзің жаққан бір үміт.



Саған ұқсас дархандықты  
іздеп жанның бәрінен  
Сағы сынған серідейін  
сергелдеңмін әлі мен.



\* \* \*

Ей, Маха!  
Өзгерген еш нәрсе жоқ сен кеткелі,  
Тәніңді табыт-бесік тербеткелі.  
Ту сыртыңнан төніп тұр баяғыша  
Қытымырлау қоғамның жендеттері.

Ащы үніме дүние құлақ түріп,  
Қамытымды жібердім лақтырып.  
Көр-лахатты қопарып тұра келсең,  
Көрісер ем өзіңе жылап тұрып.

Сонсоң шемен шерімді ақтарар ем,  
(Жолбарысын бұл күнде жоқтаған ел).  
Семсер тілің сорлының кешті күйін,  
Азаттықпен, әйтпесе, мақтанар ем.

Айтар едім қаланы шөлге орнаған,  
Алатауды, Көкшені сен бармаған.  
Әттең, бірақ өзгерді құндылықтар,  
Жат тірлікпен мақтансам жалған болар.

Келешекке жетсін деп кекті жырың,  
Саған ғашық болумен өтті күнім.  
Мың қазаққа, құдайым, қисаң болды  
Махамбеттің марқасқа тектілігін.



Сары саумал нұр төксе арайлы ақ таң,  
Озбыр бұлт отты күнді талай жапқан.  
Рухым оянды ма шыныменен,  
Бір дүбір естіледі Қарой жақтан.



\* \* \*

Сезімдерді сергелдеңге салған күз,  
Қайтем енді бір үмітім алдаса?  
Біздер нағыз жолы болған жандармыз,  
Жолыға алмай жүргеніміз болмаса.

Мен солай деп түсінемін бұл сырды,  
Өзің жақта жүрсе де ойым қаңғырып.  
Қоштасарда көзіңдегі тылсымды  
Көздеріме құйып алғам мәңгілік.

Содан бері жылауға да батпадым,  
Кірпігіме ілінсе де моншақ-мұң.  
Сол баяғы өзің көрген бақтамын,  
Сол баяғы... мұңлы қайың ән сап тұр.

Бәрі ән сап тұр,  
түпсіз аспан, тырналар,  
Мен ғана үнсіз  
меңіреу ме ем мұншалық?  
Аңсарымнан алмадым деп бір хабар  
Жағалауға барсам ба екен мұң шағып?

Жабыққанда жалғыз соған оралдым,  
Жайық мені түсінер ме, кім білген...



Құлшын бұзып мендік берік қамалдың,  
Қиялымды жаулап алып үлгірген

Сен кімсің?



\* \* \*

Бұл күнде жаным мұңды,  
сырым сараң,  
Жетпей жүр жүрегіме бір іңкәр ән...  
Бақытқа керектінің бердің бәрін,  
Шерімді қалай төгем, күнім, саған?

Кезім аз қамықпаған, күрсінбеген,  
Қорқамын айналу дан күр сұлдеге.  
Шуаққа толтырдым ғой жан-жағыңды,  
Құса боп неге, қалқам, жүрсің деме.

Жанарға жетім тамшы тығылғанын  
Көрсен де сұрай көрме мұның мәнін.  
Бейуақ түзге қарап көп телмірсем,  
Бөтенді күтіп жүр деп ұғынбағын.

Қырандай ұя салған шыңға дара,  
Жетуге асығамын бір қараға.  
Күдікпен қарай көрме, көкем, маған,  
Ғашықпын сенен өзге жырға ғана.

Бозала таң. Үл жатыр бесігінде,  
Шамам жоқ шешінуге, көсілуге.  
Түнен қалған шырақтай жанып, сөніп,  
Өлеңмен дерттімін ғой осы күнде.



\* \* \*

Сен тағы келіп кеттің...  
Айтады мені сонша берік деп кім?..  
Ойлап ем өр болам деп, бірақ... кенет...  
Сенің от құшағыңа еніп кеттім.

Сен мені таңғалдырдың,  
табындырдың,  
Еркіңе жіпсіз байлап бағындырдың.  
Көрмеске бекініп ем, кештім тағы,  
Келмеді жалындырғым.

Сен едің мұнар сағым,  
Мен осы сәтті, жаным, шын аңсадым.  
Ойымды онға бөліп қайта оралдың,  
Үстіңнен кімге сенің қылам шағым?

Тағы да кезіктірдім,  
Өзіңді осы сәтте тез ұқтырдың.  
Сен мені сағыныпсың, сағынасың,  
Сездіргің келмесе де сезіп тұрдым.

Сездім де мұңға баттым,  
Сергелденді осынау кім қалапты?  
Сен менің кеудемдегі жанартаусың,  
Мен сендік сағынышты  
жырламақпын.





Жаңымды жұлдыз ұғып, ай мұңдасқан,  
Сенсіз де асып жатыр қайғым бастан.  
Бүгін сен басқашасың, ертең тағы  
Кетесің қайрылмастан...

Солай...



\* \* \*

Күз келгенде гүлдеген үміт арсыз,  
Үш күннен соң мені де ұмытарсыз.  
Үсік шалған жанымның жапырағын,  
Үрлеп қана түсімде жылытарсыз.

Жылытыңыз... Өтінем... Тоңып барам,  
Суытыңыз... Өтінем... Жанып барам.  
Жалқы сәт боп жанардан ұшқаныңша,  
Жолықпаған жақсы еді, жолықпаған.

Көрмегенім жақсы еді, келмегенің,  
Енді немен, құдай-ау, емделемін?  
Бүршігінде сезімнің тұнған тамшы  
Кірпігімнен моншақ боп дөңгеледі...



## АҚ КӨЙЛЕК

*(Бақытгүлге)*

Бейуақ мұңға берілдің,  
Әрқалай әркім топшылар.  
Қоңыр ғой өңі өмірдің,  
Арманның түсі ақ шығар...

Ақ шығар түсі арманның,  
Ой үйір ақын біткенге,  
Үйқысыз қарсы ап таңдарды,  
Ақшамның хатын күткенде.

Ақ шағыл кешкен бала күн  
Түсіңе еніп түндерде,  
Даңғаза құмар қаланың  
Шуына әзер сінгенде.

Шағала қанат досым-ау,  
Таниды ел сені ақын деп.  
Шаһарда алып осынау  
Жалғыз қап қойған сәтің көп...

Ақ пенен қара алмасып,  
Кеуденді күңіреңткенде,



Жалғандық келіп жармасып,  
Іргеңнен үріп өткенде.

Айнала толы бетперде,  
Жазмышта, сірә, жазық көп.  
Қатайып біздер кеткенде,  
Сен қалдың гүлден нәзік боп.

Миыңда мың сан жарылыс.  
Сезімнің көлін сапырдың.  
Көзінде түнеп сағыныш,  
Ақ көйлек киген ақылдым...

Арманның түсі ақ шығар...



## ЖАҢА ЖЫЛ ТҮНГІ ОЙ

Жанарыңыз жалғыз шық үзді неден,  
Мен мұңлымын шақтарда сіз жүдеген,  
Сыңар қанат құс жайлы, сезім жайлы  
Бейуақ сыр шертеді біздің өлең.

Біздің өлең жұмбақ қой білмегенге,  
Сіздің өмір қымбат қой сүрмегенге.  
Ақ көбелек билеп кеп құлап жатыр,  
Аспан жақта алма ағаш гүлдеген бе?..  
(Қайда жүрдің көңілім кірлегенде?..)

Мен бүгін сүймей қалдым мұнар айды,  
Жұлдыз біткен жасанды... Ұнамайды!  
Оңашалау бұрышта, жұрттан жырақ,  
Ойға баттым сор жайлы, күнә жайлы.

Соңғы күні жыртылды күнтізбенің,  
Жыл он екі ай сіз жайлы жыр тізгемін.  
Жыр тізгемін сиясыз қаламменен,  
Аңсарымды сонан соң күрт үзгемін.

Ақ көбелек дегенім ақ қар екен,  
Жыр дегенім жалынсыз тақпақ екен.  
Жеріп кетем жалғыз сәт жанып тұрып,  
Мен сондаймын... сен кінә тақпа бөтен.



\* \* \*

Шиелер гүлдеді ғой бұл бақтағы,  
Ауаға ақ жұпарын шашып-төгіп.  
Мазам жоқ жүрегімді ұрлатқалы,  
Мен бұрын көрмеген ем ғашық болып.

Түн төсін тіліп қанша жұлдыз ақты,  
Сонша рет үміт тіні сетінеді.  
Күрең жел тонағанда күзгі бақты,  
Көктемде оралам деп кетіп едің.

Шаттығым, жанарыңнан  
нұр моншақтап,  
Жаныңның бөлегенсің жылуына.  
Сап-сары жапырақты жүрмін сақтап  
Сен сонда қадап берген бұрымыма.

Білмеймін, қысты қалай өткергенмін,  
Қысқа күн күдік сыйлап қырық түрлі.  
Гүлдетіп шие ағашын көктем келді,  
Түсімде есігімнен күліп кірдің.

Өңім болса екен...



\* \* \*

Салқыны соғып пері уайымның,  
Періште көңіл, қанша құбылдың.  
Жарығы сонда сөніп айымның,  
Жібергем үзіп моншағын мұңның.

Ыстық сәлемін алып үшқанда,  
Ынтық боп көкке көгершін кеудем.  
Жазықсыз үміт жаңылысқан да,  
Әйтеуір түбі келерсің деумен.

Құлын-көктемім өтті кісіней,  
Сары бел астым саған жетем деп.  
Іздеп келемін көптің ішінен,  
Кезігіп бір күн қалар ма екем деп...

Тамшының әнін тыңдаған тәтті,  
Күзгі бақ күрең жамылып торғын.  
Үйқымды ойлар ұрлаған сәтте,  
Күлкіңді, айнама, сағынып қалдым.



\* \* \*

Жебеушім болып көріскен едің,  
Кесірлігіммен келіскен едің,  
Жалын шарпыған тағдыр отына  
Қанаты күйген періштең едім.

Сен менің сүйдің ынтығып, талып,  
Тыншыды жүрек бұлқынып барып.  
Сертінді берік сақтадың, көкем,  
Тұрса да миды мың күдік қарып.

Аттадық бірге арман асуын,  
Таптым өзіңнен жан жарасымын.  
Алмадай беттен алғаш өпкенсің  
Астында тұрып алма ағашының.

Тұнық көзіңе кеттім шым батып,  
Тегін келмейді, сәулем, шын бақыт.  
Біздерді қосқан қоңыр күз еді,  
Қараша қаздың әнін тыңдатып.

Бұйра шашыңды желмен ойнаған  
Балғын саусағым келген аймалап.  
Жұрт үшін жұмбақ жанымды ұғар  
Бір жан болса егер, сен деп ойлағам.





Күздің аспаны тырауға тұнып,  
Белгісіз мұңға түр-ау батырып.  
Қытымыр қаңтар кірпіктеріңе  
Кетпесе болды қырау қатырып.



\* \* \*

Жан дауысың жеткен  
                                талып жырақтан,  
Жазығы жоқ жүрегімді жылатқан.  
Менен өзге жан бар сені сүйетін,  
Сенен өзге жан бар мені ұнатқан.

Мағынасыз күн керуені сабылған,  
Ми қаритын мың сұрақтан арылғам.  
Менен өзге жан бар сені аңсайтын,  
Сенен өзге жан бар мені сағынған.

Солай... солай...  
Сұрамаймын кешірім,  
Енді мені елеңдетпес есімің.  
Мен өзгені қуантамын күлкіммен,  
Сен біреудің қағып тұрсың есігін.

Бәрі де ұмыт...  
Күлкің, үнің, қылығың...  
Сынғаны рас біздің сезім-шынының.  
Жат құшақта талықсымын мен-дағы,  
Сен басқаның тарқатасың бұрымын.

О, тәңірім, мен әлі де тірімін...



\* \* \*

Жайымды менің жаралы елікке бала,  
Жабыққан көңіл бұл күнде  
          желіктен ада.  
Не айтсаң соған сенейін,  
          жауап берші енді,  
Биылғы көктем көріксіз неліктен, аға?

Мынау бақ бұрын  
          болатын көңілді мекен,  
Өгейсіп тұр-ау  
          сүргендей өмірді бөтен.  
Барып қайтайық, досым-ау,  
          қолың бос па еді,  
Көбесі мұздың  
          Жайықта сөгілді ме екен?..

Біздің бақтағы шиелер баяу гүлдеді,  
(Кеш келген бақыт,  
          шынымен баянды ма едің?)  
Өзгелеу әуен секілді жылдағысынан,  
Тырианың үнін тыңдашы,  
          аяулым менің..



\*\*\*

Өзің жайлы арманымның түсі ашпақ,  
Өзге дүние кетсін құм боп ұсақтап.  
Екі кештің ортасында отырам  
Елесіңді есім кетіп құшақтап.

Үрей сазын сарнатқанда ұлып түн,  
Үнсіз ғана үрлеп шоғын үміттің.  
Қарашығым қара аспанға қадалып,  
Қанша көктем ауысқанын ұмыттым.

Күрең үстел. Күңгірт бөлме.  
Көк шамдал.

Мұң арылмас  
мың бір шырақ жақсам да.  
Ауық-ауық ауыр ойға шомдырды  
Ала бөтен жамыраған ақшамдар.

Сүп-суық ай. О, не деген сұғанақ,  
Көк сәулесі көк пердеден сығалап.  
Сырыма ортақ  
болмақшы ғой бұл-дағы  
Менің дертті жүрегімді дуалап.

Өшпенді түн. Өң менен түс арбасып,  
Жаза алмадым  
бұл жырдың да жалғасын.



Жұлдыздардың бұлдырады жанары,  
Боз таңнан бір хабар келіп болмашы.

Түсі ашақ өзің жайлы арманның,  
Тылсымыңа тіл жетпейтін арбалдым.  
Тек өзіңмен тілек қосқан күндерден  
Абайсызда аулақ кетіп қалғанмын.

Жолығар ма екенбіз?..



\*\*\*

Әсіре қызыл деме сен,  
Әлдилер асыл ардарым.  
Әсершіл әсте емес ем,  
Әуелден сенсің арманым.

Лезде жұмып көзімді,  
Ләззатты ойға қанамын.  
Лаулатып албырт сезімді,  
Лапылдап жанып барамын.

Елесіп тәтті қиялға,  
Іздейді сені көңілім.  
Ізсіз де түзсіз қиянға  
Іркілмей шырқап сезімім.

Бағзыдан сені аңсаймын,  
Бақ па едің, сор ма – білмедім.  
Бақытым және бар қайғым,  
Баяны кеткен дүрмегім.

Елесің мәңгі жадымда,  
Есімнен бейнең кетпейді.  
Елітіп жүрмін сағымға,  
Есіркер бір жан жетпейді.



Көлеңке үйір түнекті  
Күлкіңмен қашан серпесің,  
Күрсінген мендік жүректі  
Көздерің сенің өртесін!..



## АЙ АСТЫНДА БІР КӨЛ БАР...

*(Поэма)*

**И. Тасмағамбетовке**

*Көне Сарайшықтың күншығысында  
Секеркөл деген орын бар.  
Аңызға сүйенсек, Әз Жәнібек  
осы көлді жер бетінің жұмағына  
айналдырған екен. Алтынды қайық  
мінген хан қызының тағдыры көне  
шаһардың тарихымен сабақтас,  
мұңлы да тылсым...*

### Бірінші бөлім

Күнәмдай қанша жусам тазармаған,  
Құбылған құмырандай көз алдаған.  
Санамда бір сағыныш өлген кезде,  
Сарайшық, дастаным ең жаза алмаған.

Сарайшық, дастаным ең шері басым,  
(Балаған бас қалаға сені Қасым).





Басынан жеті ханның өткен дәурен,  
Бізді де сатар бір күн, не қыласың...

Жұртында көшкен  
керуен қалған шоқты  
Үрлеу де біз пақырға арман боп тұр.  
Шайырға шабыт берген қайран шаһар,  
Сен жайлы қиялдаудан танған жоқпын.

Білмеймін жазбасымды, жазарымды,  
Ақынға арттың неге азабыңды?  
Жайықтың жағасына жылап келдім,  
Бәйіт қып баяны кем базарыңды.

Жайық үнсіз, не десін... киелі ғой,  
Тылсымын толқынына түйеді ғой.  
Түбінде шөгіп кеткен сансыз қаңқа,  
Менің бекзат бабамның сүйегі ғой.

Қызғанады, бар сырын жасырады,  
Бұрынғыдай жатқан жоқ тасып ағып.  
Жинай алмай отырмын жағалауда,  
Абайсыз маржанымды шашып алып.

Сарайшық, жақұт-бейне, жүзік-арман,  
Сен менің дастаным ең үзіп алған.  
О, неткен қасиетті мынау белес,  
Тарғынның Тарланының ізі қалған.



Әлемді айдай көркі ғашық еткен,  
Жолында сан алыптың басы кеткен.  
О, неткен қасиетті мына төбе,  
Едіге етігімен басып өткен.

Сарайшық – жербетілік үрдің бағы,  
Өзімен бірге кеткен сырдың бәрі.  
О, неткен бақытты еді тірісінде  
Толқын жұтқан қаланың тұрғындары.

Бәрі жұмбақ, сен мейлі, сенбе мейлі,  
Оларды енді еш нәрсе емдемейді.  
Айтар еді қаншама ақиқатты,  
Өкінішті. Өлгендер сөйлемейді.

Өкінішті, өлгендер сырға берік,  
Таңды таңға жалғап бір тыңдар едік.  
Қуанышын, қайғысын, қамсыз шағын  
Өзгеше өлең тілінде жырлар едік.

Және шындық –  
өлгендер мақтанбайды,  
(Тірілер ғой жасайтын жоқтан қайғы).  
Айтпайды олар әлемде теңдесі жоқ  
Алуан жеміс өсірген бақтар жайлы.

Сол бақтағы құпия серуендерді,  
Күндіз-түні ағылған керуендерді.



Беу, қаншама ғажапқа кенелер ең,  
Сөйлетіп көр әуелі өлгендерді.

Ақталған да сәттерін айыпталған,  
Көпірлерді жасалған қайықтардан,  
Ең бақытты шаһардың шежіресін  
Үнсіз шертіп бұл күнде Жайық қалған.

Кімге керек мезгілсіз зияратың,  
(Ұяң ақын жырлаған зия қалпың).  
Арзу қылып бұл күнде  
көкке айтты олар  
Қаһарлы Иван көрсеткен қиянатын.

Жан дауысың жұтылып маң далаға,  
Ашкөзі көп заманың ардан ада.  
Жақсыларға жер үсті тарлық қылған,  
Қызғаныштың құрбаны сен ғана ма?!

Өзіңнен бір бейкүнә мұңды іздедім,  
Сол мұңнан моншақтай қып  
жыр тізгелі.  
Қазына іздеп жүргем жоқ қара басып,  
Ей, Сарайшық!  
Қақпаңды аш, кіргіз мені.



## Екінші бөлім

*Ай астында бір көл бар,  
Ат шаптырса жеткісіз.  
Ортасында алуа, секер бар,  
Татқан қулар кеткісіз...*

*Махамбет*

Ай астында бір көл бар...  
Болған дейді...  
Айдың нұры тек соған тамған дейді...  
Аққу біткен тек сонда қонған дейді...  
Айдынына сол көлдің қайық салу  
Адамзатқа айықпас арман дейді...

Ай астында бір көл бар...  
Жанары аспан,  
Қиялыңды қияға ала қашқан.  
Біздің жақтың бармақтай бүлдіршіні  
Бұл аңызға тамсанған бала жастан.

Ай астында бір көл бар...  
Күміс кесе,  
Мынау халім қайтейін мұң үстесе.  
Ұлы судың бойында ұлы думан  
Шақты бастан өткерді ұлыс неше.

Ай астында бір көл бар...  
Шекер көлі,  
Асау жылдар оятты бекер мені.



Асан шалдың түсында дүниеге кеп,  
Сенде туып, жалғаннан өтер ме еді...

Ай астында бір көл бар...  
Жаны дертті,  
Тарих талай сырды мәлім етті.  
Қырық атанмен қапшықтап  
қант төктірген  
Перзенті еді ол қайсар Жәнібектің.

Ай астында бір көл бар...  
Тұнған арман,  
(Бұл күнде көл табаны құмға оранған).  
Арай шыққа шомылып балтырлары,  
Сарайшықтың қыздары суға барған  
Кезді аңсап көңілімді мұңға малғам.

Ай астында бір көл бар...  
Жәнібек көл,  
Атағы Мысыр асып, әрі кеткен.  
Сол ғасырда, сол жұртта, Сарайшықта  
Туған жанның артық ед бағы неткен!

Ай астында бір көл бар...  
Қарашығым...  
Қадаған аспан көзін, дала сұғын.  
Алтын қайық жүзетін көл бетінде,  
Серуенге шыққанда Сара сұлу.



Ай астында бір көл бар...  
Балдай дәмі,  
(Сыңар аққу көгінде самғай ма әлі?..)  
Жалғыз қызы данышпан Жәнібектің  
Сарайшықтың бағы еді маңдайдағы.

Ай астында бір көл бар...  
Сақта, күнім,  
Ақын айтқан аңызды ақтарылып.  
Алма ағаштар ашқанда бақта гүлін  
Ханның қызы шығатын серуенге,  
Аққу біткен төсейтін ақ мамығын.

## Үшінші бөлім

– Көрмейсің бе әз ханның парасатын,  
Жарты әлемге жаймақ қой  
алаш атын... –

Қырық нөкер ергенде Сара қызға,  
Аруы мен аққуын айыра алмай,  
Жатжерліктер есінен адасатын.

Жүректердің тұтатып сөнген өртін,  
Ақының да, батырың сенделетін.  
Ақ білегін айдынға малып тастап,  
Сара сұлу құстарға жем беретін.



Күсқанат көлдің бетін сызатын шақ,  
Шырайы шабыт берген жүз ақынға,  
Өлкенің сәні болған өрімтал қыз  
Осы күз Алтай жаққа ұзатылмақ

– Қыз кетсе мына көлден  
қызық кетер...  
– Кеудеден бір үмітті үзіп кетер...  
– Құдай-ау, Алтай қайда,  
біз қайдамыз... –  
Билей ме жұрт көңілін күдік бекер.

Белгісіз жүрегінде не сыр бары,  
Бұлқынғаны... жазмышқа бас ұрғаны.  
Сара серуен құрып жүр Секеркөлде  
Шолпысы сылдыр қағып шашындағы.

Көкіректен ысырып күмәнді ойды,  
Аққу-ару айдында сылаңдайды.  
Көп елестің ішінде көлденендеп  
Көрмеген жар бейнесі қылаңдайды.

Осылай күн артынан күн алмасты,  
(Тылсымын табиғаттың  
ұға алмаспын...)

Тосын жай тіксіндіріп тұла бойды,  
Бір кеште төңіректі тұман басты.

Шымылдық көлді көзден қалқалады,  
Сол түні ай да аспанда шалқалады.



Сарайшық, Сарша тамыз,  
Сары ала таң,  
Көк мұнар көпке дейін тарқамады.

Көк мұнар көк пен жердің арасында,  
Туғызды түрлі ой жұрттың санасында,  
Сарылтып сейілгенде Секеркөлдің  
Бір ғажап пайда болды жағасында.

Жо-жо-жоқ... Бәрі орнында...  
Баяғыша...

Ақ айдын аққуларға жаяр құшақ,  
Жалғыз құс жүзіп жүрді көл шетінде,  
Келбеті көрген жанды қояр тұсап.

Сыңар құс жүзді жұртты таңғалдырып,  
Назарын қарағанның алған бұрып,  
Аһ ұрды абыржыған айналасы,  
Кім көрген аққу қара болғандығын?!

– О, тоба! Бұл не деген сұмдық еді?!

– Бұл ненің белгісі екен?

– Кім біледі?

– Жазған-ау, аққу қара болушы ма ед,  
Сезеді бір сүреңді сұм жүрегім...

– Қарай гөр... Қандай сұлу!

– Жабайы ма?

– Кәдімгі аққу, түсі ғой бар айыбы. –





Сыңар құс жүзіп жүрді көл бетінде,  
Таратып суық сәуле маңайына.

Бұл хабар сілкіндіріп тамам елді,  
Қасында қырық нөкер Сара келді.  
Жанын баурап тәкаппар жалғыздығы,  
Қыз көңілі аққуға ауа берді.

Сезімсіздер қайтеді тебіреніп,  
Серіксіз құс не деген керім еді?..  
Ақ моншаққа тізілген абайсызда  
Қара маржан секілді көрінеді.

Жұмбақ құс жүзді жалғыз дараланып,  
Баураған сиқыры бар сананы анық.  
Секемсіз һәм селкеусіз мейіріммен,  
Жалғыз-ақ жем береді Сара барып.

– Патшадай паң құсым-ау,  
жұбың қайда? –  
Бір тылсым ет жүрегін сығымдайды.  
Ойға батып баянсыз ғұмыр жайлы,  
Әйтеуір жас арудың мұңы ұлғайды.

Шығыстан шаншылғанда таң шапағы,  
Көңілді түнді аңсаған шаршатады.  
Қара қу қара мақпал қанат төсеп,  
Ханшайым қолаң шашын тарқатады.



Ханшайым қолаң шашын жазып өріп,  
(Барады Секеркөлдің назы кеміп).  
Жанарын бір ноқаттан айырмады,  
Беймәлім сағыныштың сазына еріп.

– Ей, тәкаппар жалғыздық,  
жанды арбаған,  
Азаттықты әу бастан армандағам.  
Жанымды құс, тәнімді адам қылмай,  
Қанат неге бермеген самғар маған?..

Ашпақ жүзі жаралған нұрдан ерек,  
Кеудесіне жасырып жұмбақ әлем.  
Кей сәттерде бойжеткен ән салатын  
Қоңыр кешті құпия сырға бөлеп:

«Ойнатып алтын шуақ келбетінде,  
Ақ айдын арманымды тербетуде.  
Атажұрт, саған қарап анық білдім  
Жұмақтың бар екенін жер бетінде.

Атқыздым ақ таңымды күліп қанша,  
Бал дәурен – жүрегімді жылытқан шақ.  
Алаңсыз балалығым ұрланбаса,  
Уақыт бір орында тұрып қалса...

Жазмыштан құтылмайсың  
қашқанменен,  
Атағың астасса да асқарменен.



Кірпігім қамалғанда қанат бітіп,  
Түсімде неге ылғи аспан көрем?..»

...Шынымен түсіне оның көк кіретін,  
Ақ жүзін айға ғана өптіретін.  
Қылығы түсініксіз құрбысына,  
Күліп тұрып көзге мұң шөктіретін.

Жанарға жетім тамшы тығылады,  
(Жалғанда жан сырынды кім ұғады?..)  
Алтын қайық ескегін арманшыл қыз  
Бетке алып бұра берді құбыланы.

Ашпақ қыз, ашпақ үміт, ақ қауырсын,  
Бойына бір кеселдің батқаны шын.  
Осы түн бір зауалдан берді хабар,  
Осы таң сайрамады бақта құсым.

Жас шынар жапырағын жая алмады,  
Ұзамай Секеркөлдiң таяр бағы.  
Аллам-ай, көз өтті ме, сөз өтті ме,  
Сара қыз үйқысынан оянбады.

Ардағына сұм ажал салған құрық,  
Бұл қаза кетті көпті арманды қып.  
Сәйкестік пе, сол түні жалғыз аққу  
Болды ғайып баршаны таңғалдырып.



Жасырып құпияның құндағына,  
Қара қу қыздың жанын ұрлады ма?  
Әйтеуір мынау өлім айналды анық  
Тірінің түсінбейтін жұмбағына.

## Төртінші бөлім

Қаралы қыран қанатын керіп,  
Қаланы басты қайғы-мұң,  
Көк ала көктем салатын желік,  
Адыра қалды айдыным.

Азалы орда құлатып туын,  
Ажалға ларнет ақтарған.  
Сайранды көлдің жылатып қуын,  
Сандуғаш ұшты бақтардан.

Алтынды қайық, адыра сен де,  
Иесіз тұлпар секілді.  
Белгісіз бақыт барына сенген  
Құлын сәт өтті кекілді...

Көкшулан күндер көбігі лайлы,  
Бастан да өткен жиі алдай.  
Ақ Жайық біздің әлі жылайды,  
Көзінің жасын тыя алмай.



Жаныма тыным таба алмай кетем,  
Жағаны толқын шайған кез.  
Аққуға айналып оралмай ма екен  
Аспанға ғашық айнамкөз...

## Бесінші бөлім

Ішін өрт, сыртын аяз жалаған ба?..  
Жалған-ай, ханнан қалған, қарадан да.  
Алдырған бөлтірігін андаусызда  
Үқсады Әз Жәнібек жаралы аңға.

Тәңірім осылай да сынай ма екен,  
(Жан ботам, жан-жағымды  
шырайлы етер...)  
Үш күннен соң ес жиып, бас көтерді,  
Жүз – суық, шешім – тосын,  
сыңай – бөтен.

Сонсоң жарлық таратты қаралы елге:  
– Жаратқан маған асыл бала берген.  
Аллам өзі кешірсін, құлынымды  
Ай өтпей тапсырмаймын қара жерге.

Жүрт айтты:  
– Хан ауысып кеткен, – деді,  
Сүйінді біреулері:  
– Неткен мейір!..



Әйтеуір ата-ананың махаббаты  
Даңқпен, дәрежемен шектелмейді.

Бұл хабар тез тарады қол астына,  
Қараша хан сөзіне таласты ма?!  
– Ажарын ай қызғанған Сара қызды,  
Шынымен, кім қияды жер астына?

Арман, шіркін, арман ба аңсатпаған,  
Жасаудан сақта, құдай, жаңсақ қадам.  
Сарайшық түн қойнына сіңген шақта  
Сарайдан атқа қонды он шақты адам.

Шекесінде қияқ ай, аңырды аспан,  
Жұмбақ сапар жеткізер жаңылмастан.  
Жәнібек – топтың басы, оң жағында  
Қасым ұл айырылған қарындастан.

Шақтары көзден ұшып шұғылалы,  
Бір өксік көкірекке тығылады.  
Күймеде қыз мүрдесі, күйік қысқан  
Хан әке бетке ұстады құбыланы.

Жарым түн жетегінде жаралы үміт,  
Ақ толқын жанталаса жағаны ұрып.  
Ән ғайып, ару ғайып, шері ұлғайып,  
Қыр асқан бөрі кеуде барады ұлып.



Сұр мұнар айдың бетін бүркеген-ді,  
Сұңғыла шолды-ау, сірә, бір тереңді.  
Шаһардан шақырымдар  
шыққаннан соң  
Жәнібек аттың басын ірке берді.

– Өткінші күн өксіткен өрелі ұлды,  
Мәрттігім, маңғаз дала, сенен үлгі.  
Тал бесіктен тез ауған жер бесікке  
Мынау жазық тербетсін бөбегімді...

Асу бермес жалғанның бұл өткелі,  
(Ақиқатты отырмын жыр еткелі).  
Бұйрығын әміршінің ести сала  
Жеті жігіт қолға алды күректерін.

– Жылытқан жүрегімді жарығым ең,  
Сенсіз лағыл, гауһардың қадірі не? –  
Сәукелесін, сандығын жасау толы  
Көмдірді бірге қыздың қабіріне.

Көкелердің көреген даңқын жайып,  
Жылдарменен жарысқан  
нарқы ұлғайып.  
Секеркөлге сән берген салтанатты,  
Көрге бірге салынды алтын қайық.

– Қадірі бұл қазаның қымбаттасын,  
Тылсымын тірі жанға тыңдатпасын.



Жалғаннан жұмбақ көшкен  
жан ботамның  
Мәңгілік мекені де жұмбақ болсын!..

Бұл сырдың салмағы бар аса құнды,  
Сол түні жеті құлдың басы алынды.  
Сол түні қалың жылқы қырдан құлап,  
Жас қабірді жанардан таса қылды.

Қанша ғасыр басса да құм бораны,  
Тыныштығын ешкім де ұрламады.  
Тонар еді, тіріде иман жоқ қой,  
Білмеді қайда екенін бұл моланың.

...Атағы Мысыр асып, әрі кеткен,  
Аспанын алты алаштың жарық еткен,  
Қанатын күнге жақын қағып өткен,  
Жоқ бүгін Секеркөл де, Жәнібек те.

Жар асты жылжып ағып кәрі Жайық,  
Аққудың естілмеді әні көптен...

## Эпилог

Сарайшық, сағым қала  
жырға айналған,  
(Көңілім қыш кеседей сынбай қалған).





Көне жұрт, көмескі ізге түскенімде  
Бас сүйек тауып алдым  
құм қайраңнан.

Тұрғыны ол, бәлкім,  
тұңғыш астананың,  
Тыңдаған Сара қыздың аспан-әнін...  
Сайраны Секеркөлдің еске оралып,  
Бейуақ жанарымды жасқа малдым.

Күндер-ай қиялымды жиі алдаған,  
Көгінде ән қалықтап, күй аунаған.  
Бақ іздеген жатжерлік жолаушы ма,  
Бір көріп Сарайшықты қия алмаған?

Саудагер, мүмкін,  
жыршы күміс таңдай,  
Ажалы оқтан ба әлде қылыштан ба?..  
Жұмбағы жанымды арбап  
өткен күннің,  
Қу жаным қойды әйтеуір  
тынышталмай.

Қаны бір, жаны туыс қара көз бе,  
Белгісіз сағынышым сананы езген.  
Алтын қайық туралы аңызға еріп,  
Бейбақтың бірі ме екен мола кезген?

Қазақтыкі... Келімсек қазақтыкі...  
Бұлдыр бәрі, қайтемін азап тұтып.



Жар басында жәдігер жәудіреді,  
Бізден мейір, тәңірден ғажап күтіп.

Қағатын ғасырлармен бірге қанат,  
Көзінен бұл-бұл ұшып күндері абат.  
Жел мүжіп, су шайқаған сүйек сынды  
Сарайшық сарғаяды күнге қарап.

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз. <i>Ф. Оңғарсынова</i> .....	3
Абайдың тілі.....	4
«Бұлдыр елес қалған жоқ баяғы бір бәз күннен...».....	6
Атыраудың аспаны.....	8
«Тереңнен созған тамырын, ғасырдан тартқан желісін...».....	10
Тағы да Қаройда.....	12
Ауылға махаббат.....	14
Фамилиясы жоқ адамның монологы.....	17
Шығыс Шолпаны.....	20
Тілек.....	22
Қарнаққа қасида.....	24
Аңсар.....	26
Бәйтерек-арман.....	29
«Уақыт мені емдемейді...».....	31
«Күмбезінен көңілдің мұң құлатқым келмейді...».....	33
Еңлік-жыр.....	35
Астана тойына арнау.....	37
«Ақын болу – құдайдан...».....	38
Қаратау тәжі – Кентау.....	39
«Тақымға салып қыл бұрау...».....	41
Сенің дертің.....	43
Қаршыға-күй.....	45
Фаризаға.....	46
Мырыш табыттың монологы.....	48
«Күлкім келеді...».....	50

«Жарқ етіп келдім	
дүниеге мынау жасын боп...»	52
«Әлдеқайдан естіліп аңсаған үн...»	54
«Тас үйлердің тасасынан	
көюкиекті көрмеген...»	55
«Ей, Маха...»	58
«Сезімдерді сергелдеңге салған күз...»	60
«Бұл күнде жаным мұңды,	
сырым сараң...»	62
«Сен тағы келіп кеттің...»	63
«Күз келгенде гүлдеген үміт арсыз...»	65
Ақ көйлек	66
Жаңа жыл түнгі ой	68
«Шиелер гүлдеді ғой бұл бақтағы...»	69
«Салқыны соғып пері уайымның...»	70
«Жебеушім болып көріскен едің...»	71
«Жан дауысың жеткен талып жырақтан...»	73
«Жайымды менің жаралы елікке бала...»	74
«Өзің жайлы арманымның түсі аппақ...»	75
«Әсіре қызыл деме сен...»	77
Ай астында бір көл бар	79

Әлия Дәулетбаева

**СОЛ БІР СӘУЛЕ**

*Поэма және өлеңдер*

Редакторы *Қуат Құрмансейіт*  
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқанов*  
Корректоры *Ботакөз Мұхиден*  
Компьютерде беттеген *Ұлжан Бердібекова*

Басуға 26.11.2013. қол қойылды.  
Пішімі 70x90  $\frac{1}{32}$ . Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 7,5.  
Тапсырыс №6. Таралымы 1000 дана.

«Фоллиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13





### Әлия Бекежанқызы Дәулетбаева

1977 жылы 14 қарашада Атырау облысы Индер ауданы Өрлік ауылында дүниеге келген. Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген.

Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Б. Момышұлының 100 жылдығына арналған «Мен Бауыржанды жырлаймын», Төле бидің 350 жылдығына арналған жыр мүшәйраларының жүлдесі. Халықаралық «Шығыс шынары» жыр мүшәйрасының Т. Ысмайылов атындағы сыйлығын иеленген.

Өлеңдері «Ақбөрен», «Жанартау» ұжымдық жинақтарына енгізілген. Республикалық «Қазақ әдебиеті», «Тұмар», «Жамбыл», «Ақ Жайық», «Алтын орда», т.б. басылымдарда жарық көрген.

ISBN 978-601-302-049-5



9 786013 020495

**FOLIANT**